



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

25.02.2025 жыл

№ 4, 3-т.

2024 жылғы Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағындағы кәсіподақ мүшелігі және кәсіподақ органдары туралы жиынтық статистикалық есептіліктің қорытындылары туралы.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының Атқару Комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ұсынылған статистикалық есепке сәйкес Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының 2024 жылға арналған жұмыс қорытындылары туралы ақпарат назарға алынсын.

2. 2024 жылы:

- кәсіподақ мүшелерінің жалпы саны **594 421** адамды құрағаны, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 9 963 адамға артқаны;
- жұмыс істейтін кәсіподақ мүшелерінің саны **10 076** адамға көбейіп, **581 757** адамды құрағаны;
- кәсіподақ ұйымы бар кәсіпорындар мен ұйымдардың саны **8 647**-ге жеткені;
- бастауыш кәсіподақ ұйымдарының саны **232**-ге артқаны және **8 605** құрайтыны;
- мүшелік ұйымдардың штаттық қызметкерлерінің саны **15** адамға артып, **598** адамды құрағаны атап өтілсін.

3. Кәсіподақтың мүшелік ұйымдарының басқару органдары:

- 2024 жылға арналған статистикалық есептілік қорытындыларын басқару органдарының отырыстарында қарастырсын, кәсіподақтың мүшелік базасын нығайту, кәсіподақ мүшелерін ынталандыру жұмысындағы кемшіліктерді жою бойынша нақты шаралар қабылдасын;
- ғылым, жоғары оқу орындарының, оқу-ағарту саласының жеке секторының еңбек ұжымдарына кәсіподақ ықпалын күшейтсін;

- жаңа кәсіподақ мүшелерін, әсіресе 35 жасқа дейінгі жастарды тарту бойынша жұмысты күшейтсін;

- кәсіподақ мүшелігін кеңейту бойынша жұмысты күшейтсін, ынталандыру мәселелерін анықтау мақсатында бастауыш кәсіподақ ұйымдарының кәсіподақ активімен кездесулер ұйымдастырсын;

- кәсіподақ ұйымдарында кәсіподақтық оқуын өткізуге ерекше көңіл бөлсін: кәсіподақ активін, кәсіподақ ұйымдарының төрағаларын және тексеру комиссияларының мүшелерін оқыту;

- кәсіподақ мүшелері санының азаюының (төмендеуінің) себептеріне талдау жүргізсін;

- нақты мысалдар мен фактілер арқылы қызметкерлердің еңбек құқықтары мен кәсіби мүдделерін қорғау бойынша кәсіподақ ұйымдарының практикалық қызметі туралы ақпараттық және түсіндіру жұмыстарын жандандырсын;

- статистикалық есептілікті дайындау кезінде кәсіподақ қызметкерлерінің жауапкершілігін арттыру бойынша шаралар қабылдасын, кәсіподақ мүшелері мен кәсіподақ құрылымдары туралы шынайы, толық ақпарат беруді қамтамасыз етсін.

4. Кәсіподақтың Орталық Комитеті аппараты:

- **2025 жылғы 1 шілдеге дейін** Кәсіподақ мүшелігін ынталандыру және жастарды тарту жөніндегі кешенді бағдарламаның жобасын әзірлеп, Атқару Комитетінің қарауына енгізсін;

- кәсіподақ органдарының аппарат қызметкерлерімен ынталандыру жұмысын ұйымдастыру бойынша республикалық семинарлар ұйымдастырсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ Төрағасының Орынбасары В.Ф. Беженаровқа жүктелсін.

Төраға



А. Мұқашева